

Ілияс Жансүгіров
атындағы Жетісу
Мемлекеттік
Университеті



Жетысуский
Государственный
университет
имени Илияса
Жансугурова

Қылмыстық – құқықтық пәндер кафедрасы

Тақырыбы: Криминология түсінігі, тәсілдері және жүйесі.

Орындаған: Азанбекова Мариям

Тобы: ЮҚ 311

Курс: 3

Тексерген: ҚҚПК аға оқушысы

Рзабай А.И

Талдықорған 2018

Жоспар:

- ▶ 1. Криминологияның пәні.
- ▶ 2. Криминологияның түсінігі.
Криминологияның міндеттері.
- ▶ 3. Криминологияның жүйесі.
- ▶ 4. Криминология тәсілдері.


Криминология -

қылмыстылықты зерттейтін ілім. Жалпы, криминология сөзі екі бөліктен тұрады, яғни латынша «crimen-қылмыс» және грекше «logos-ілім». Демек, қылмыс туралы ілім болып шығады, бірақ та оның атауы аталған ғылымның немен айналысатындығын әлі де толық ашпайды. Себебі, қазіргі күні қылмыс мәселесімен айналысатын ғылымдар саны бірқатар.



Криминологияның ең басты мәселесі - қылмыстылық. Жұрт қылмыстылық пен қылмысты бір-ақ нәрсе деп ойлауы әбден ықтимал. Тіпті, қылмыстылықтың жасалған қылмыстардың жиынтығы деп те түсінеді. Иә сыртынан қарағанда солай: қылмыстылық - қылмыстардың жиынтығы, бірақ ішкі жағы мүлде олай емес.

Бұл жерде диалектиканың санынан сапаға өту заңын еске түсірген жөн. Екі қылмыс қылмыстылық емес, он қылмыс та, тіпті, жүз қылмыс та қылмыстылық сапасына ие емес, ол үшін міндетті түрде масса керек, яғни жаппай болуға тиісті.



Оның екінші айналысатын мәселесі - қылмыстылықтың себептері. Криминология пәнінің үшінші құрамдас бөлігі - жеке қылмыстардың себептері мен жағдайлары.

Криминология:

1. Оның екінші айналысатын мәселесі - қылмыстылықтың себептері.
2. Криминология пәнінің үшінші құрамдас бөлігі - жеке қылмыстардың себептері мен жағдайлары.

Қылмыстылықтың пайда болатын бастауларын ашу кезінде себептер мен өзге де жағдайларды бағалайтын қылмыс жасаушы адамның да жеке қасиеттерін айқындап, зерттеудің де маңызы зор. Сонымен, криминологияның пәнін құрайтын келесі, төртінші компонент - қылмыскердің тұлғасы.

Криминология жәбірленушінің де мінез-құлқы мен тұлғасын зерттеуді өз мойнына алады және ол криминологиядан басқа ешқандай ғылымның зерттеу пәніне кірмейді (қылмыстық іс жүргізу оларды тек қорғауды жүзеге асырады).

Криминология
ғылымының пәнін
құрайтын келесі,
алтыншы
компонент –
қылмыстылықтың
алдын алу.

Қылмыстылықтың алдын-алу үшін де белгілі бір әрекеттер жасауы керек. Соның бірі - қылмыстылықты болжау.

Криминология ғылымының пәнін құрайтын компоненттер:

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ;

Қылмыстылықтың
себептері;

Жеке
қылмыстардың
себептері мен
жағдайлары;

Қылмыскердің
тұлғасы;

Қылмыстыл
ықтың
алдын-алу

Жәбірлену
шінің
мінез-құлқы
мен
тұлғасы

Криминоло
гиялық
болжау

Криминология дегеніміз -

қылмыстылықты, оның
себептерін, жеке қылмыстардың
себептері мен жағдайларын,
жәбірленушінің мінез-құлқы
мен тұлғасын, қылмыскердің
тұлғасын, сондай-ақ
қылмыстылықтың алдын алу
мен болжауды зерттейтін
салааралық ғылым.

Криминология жүйесі:

Криминология құқық саласы емес. Бірақ құқық салаларына тән қасиет мұнда да бар, ол — жалпы және ерекше бөлімдерден тұру. Криминологияның жалпы бөлімі жоғарыда аталған өз пәнін жалпылама қарастырады

Ал ерекше бөлімде болса (немесе ерекше криминология) нақты қылмыстылықтың түрлері алынып, жалпы бөлімде алынған білімдер нақты қолданылады.

Криминология ғылымының мынандай үш түрлі міндетін атауға болады:



1. Аналитикалық, яғни зерттеу міндеті.
Қылмыстылықты, оның себептерін, қылмыскердің тұлғасын, жәбірленушінің мінез-құлқы мен тұлғасын зерделеп, талдау.



2.Болжау міндеті — криминогендік құбылыстардың болашақтағы өзгерістері туралы негізді ұсыныстар жасау.



3.Әр түрлі жолмен тәжірибелендіру. Бұл қылмыстылықтың алдын алуға келеді, сол сияқты виктимологиялық профилактиканы да қолдануды көздейді.

Қылмыстық құқық және криминология.

Қылмыстық құқық бар болғаны жасалған нақты қылмыстың мәселелерімен, атап айтқанда қылмыстық жауаптылық мәселесімен айналысады. Ал криминология

оның түбіріне бойлайды: қылмыстық құқық үшін бар болғаны қылмыстың үш сатысы қажет болса, криминология үшін оның қылмысқа дайындалудан бұрынғы этаптары да маңызды

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҢ
ЖАЛПЫ
СУБЪЕКТИСІНІҢ БАР БОЛҒАНЫ ҮШ БЕЛГІСІ
МАҢЫЗДЫ БОЛСА



ал криминология үшін оның туылған сәтінен бастап барлық факторлары мен қасиеттері маңызды

Тәрбие жағдайы

```
graph TD; A[Тәрбие жағдайы] --> B[Психологиясы]; B --> C[Барлық демографиялық белгілері];
```

Психологиясы

Барлық демографиялық
белгілері

Қылмыстық іс жүргізу құқығы және криминология.

- ▶ Қылмыстық іс жүргізу құқығы қылмыстық процестің міндеттерін орындауға, яғни қылмысты тез және толық ашуға, қылмыс жасаған тұлғаны әшкерелеуге, оны қылмыстық жауаптылыққа тартуға және қылмыстылықтың алдын алуға байланысты туындаған қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы.

Қылмыстық-атқару құқықығы және криминология.

- ▶ Алғашқысы тек қылмыстық жазалардың орындалу мәселесімен ғана айналысады. Алдын алу бәріне тән болғандықтан, әсіресе, рецидивистік қылмыстылықтың алдын алу мақсатында екі ғылым бірігіп жұмыс жасай алады.

Статистика және криминология.

- ▶ Статистика құбылыстардың сапалық жағын есекере отырып, сандық мәселесімен айналысатындықтан, осы құбылыстардың ішінде қылмыстылық та бар. Сол себепті криминология да статистиканың көмегіне жүгіне алады. Статистиканың қылмысқа қатысты бөлігінің нәтижелері криминологиялық зерттеулер жүргізуде көптеп қолданылады.

Психология және криминология.

- ▶ Психология тек психикалық құбылыстарды қандай да бір бағытқа, мақсатқа бейімдемей зерттесе, криминология оның нәтижелерін қылмыстылықтың себептерін анықтау мен күресуде қолдану үшін пайдаланады. Психологиялық дәрежеде зерттелген қылмыстылық мәселелерін микрокриминология деп те атайды.

Социология және криминология.

- ▶ Оның мәселесі де психология немесе статистика сияқты шешіледі. Социология әлеуметтік құбылыстарды зерттейді, сол себептен социологиялық деңгейде қылмыстылық мәселесі зерттелсе, оны макрокриминология деп те атаушылар бар. Жалпы алғанда, айта кету керек, криминологияның қандай ғылымның ағымы екендігінде де әлем доктринасында бірізділік жоқ.

Жалпы алғанда, айта кету керек, криминологияның қандай ғылымның ағымы екендігінде де әлем доктринасында бірізділік жоқ. Мысалға, оны англосаксондық жүйе — социологияның саласы десе, континентальдық доктрина - қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарының арасындағы сала деп есептейді.

Германия - биологиялық және социологиялықтың бәсекесі деп есептеп, соңғысына көбірек бүйрегі бұрады

Италия — биологияға басымдық берсе,

Франция — клиникалық жағына басымдық

Криминология тарихы -

- ▶ Адамзат көзін тырнап ашқаннан бастап көзіне көрінген нәрсені санап, қарапайым математиканы, ауырған жерін емдеп, қарапайым медицинаны қалыптастырды. Осы қарадүрсін медицинадан микрохирургияға шейін, қарабайыр математикадан жағары математика мен кибернетикаға шейін мыңдаған жылдар өтті.

- ▶ Ал қылмыстылықтың жай-күйін, себептерін, оның алдын алу мәселелерін зерттейтін ғылым - криминологияның қалыптасқанына бар-жоғы бір-ақ ғасыр өтті. Ол ХІХ ғасырдың аяқ шенінде ғана қалыптасты. Бірақ бұл қылмыстылық мәселелері адамзатты ойландырмады, оның қажеттілігі болған жоқ дегенді білдірмейді.

криминология ғылымының қалыптасуына төрт
түрлі
зерттеулер ықпал етті:



антропологи
ялық



статистикал
ық



Әлеуметтік-
экологиялық
және
социологиял
ық



құқықтық

Қолданылған әдебиеттер:

- ▶ 1. А.Н. Ағыбаев. Қылмыстық құқық.(жалпы бөлік). Алматы, «Жеті жарғы» 2015ж.
- ▶ 2. Комарицкий С.И. Рецидивная преступность осужденных к наказаниям, не связанным с лишением свободы.М., 1990.
- ▶ 3. Тирский В.В. Предупреждение рецидива преступления. Томск, 1990.
- ▶ 4. Проблемы борьбы с рецидивной преступностью / под. Ред В.Д. Филимонова. Томск, 1992.
- ▶ 5. Стумбина Э.Я. Рецидивная преступность как объект предупредительной деятельности// Причины отдельных видов преступности и проблемы борьбы с ними. М., 1989.

Назарларыңызға рахмет!!!

